

5

Плей-оффтың алғашқы сенсациялары



6

Экран алдындағы балалар



Сыр бойы

№96 (21171) 2 шілде, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ



30 маусым күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында сөз сөйледі. Президент Парламенттің қос Палатасының бірлескен қорытынды отырысы тарихи мәнге ие екенін жеткізді.

– Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз, – деді Мемлекет басшысы.

1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталық Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді.

– Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды.

Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныңшы заңға депутаттар өздері барлық сала басшылары осы міндеттерді орындауда қайнар бастауында бүкіл халқымызға және

халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жалында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекеттіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанда дамыған ел ретінде айқындалатын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлттымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

– Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы

тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлының айтуынша, тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданған. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар.

2-3 беттер



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызанама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған көміп сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!
Халқымыз мәңгі жасасын!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде № 1338

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кеше Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Жаңа Конституцияның күшіне енуі аясында Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалу барысы қаралды. Оған облыс әкімі Мурат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Мәжілістен кейін осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларының баяндамалары тыңдалды.

– Жаңа Конституцияда айқындалған қағидаттар мемлекеттік биліктің барлық тармағының қызметіне тың серпін береді. Мемлекеттік басқарудың басты өлшемі халыққа адал қызмет ету, заң талаптарын мүлтіксіз сақтау болуы тиіс.

Жаңа саяси кезең бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біздің міндетіміз – жаңа Конституцияның қағидаттарын халықтың күнделікті өмірінде нақты нәтиже беретін тиімді мемлекеттік саясатқа айналдыру. Сыр өңірінде де жаңа саяси реформалардың талаптарына сәйкес кешенді жұмыстар жүргізілуі қажет, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің жаңа кезеңіне арналған тапсырмалар жүктегені белгілі. Мәжілісте барлық сала басшылары осы міндеттерді орындауда атқарылатын істердің басты бағдары туралы баяндады.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев Мемлекет басшысының Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыру тапсырмасы өңірдің құрылыс саласының одан әрі өркендеуіне оң әсерін тигізетінін атап өтті. Бұл халыққа қажетті жаңа нысандардың бой көтеруіне, өндірістер мен кәсіпорындар санының көбеюіне, экономиканың дамуына ықпалын тигізетінін сөзсіз.

Айталық, 2022 жылы құрылыс саласына мемлекеттік бюджет есебінен 24,3 млрд теңге, 2025 жылы 138,3 млрд теңге бөлініп, қаржы көлемі 6 есе өскен. Жалпы осы жылдар аралығында 272 әлеуметтік нысан және 1016 тұрғын үй пайдалануға берілді. Быыл жыл соңына дейін табыстатын 3 685 пәтер 15 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешеді.

Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов Мемлекет басшысы, Үкімет, облыс әкімдігі белгілеген бағыттарды іске асыруда мектепке дейінгі тәрбиеден бастап, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімге дейінгі барлық деңгейде сапаны арттыруға басымдық берілетінін атап өтті.

4-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАЛАҒАШТЫҚ ТҮЛЕК 140 БАЛЛ ЖИНАДЫ

Жалағаш ауданының білім саласы тағы бір жарқын жетістікке жетті. Еңбек ауылындағы Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектептің түлегі Балхан Альфия Бахытбергекқызы Ұлттық біріншілік тестілеуде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, 140 балл жинады.

«Алтын белгі» иегері атанған талапты жас қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін тандап, білім бәйгесінде үздік нәтиже көрсетті. Бұл – шәкірттің табанды еңбегі мен қажетті деген ұмтылысы, ұстаздарының кәсіби шеберлігі мен жүйелі дайындығы, сондай-ақ ата-анасының қолдауының жемісі.

Альфияның жетістігі – бір ғана мектептің емес, тұтас Жалағаш ауданының мерейін үстем еткен айтулы оқиға. Бұл нәтиже өңірдегі білім сапасының жылдан-жылға артып келе жатқанын және дарынды жастарды қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесін айғақтайды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы \$ 480,72 kzt € 548,07 kzt ₸ 6,14 kzt

Ауа райы: Бейсенбі +26° +18° Жұма +28° +16°

РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ –



– Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілесіпес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жанаушы әрі бағыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белен алғанын, бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатқанын тілге тиек етті. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін.

– Бірақ еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынды төмендеуіне, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Бәріңізге белгілі, ертен мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекетіміздің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көзден өткіздік.

Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысуы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет, – деп нақтылады Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында Қазақстанды үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанын әрі еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыруға байланысты екенін нақтылай түсті.

– Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әлауатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет. Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек. Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму

жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын, – деген Президент БІРІНШІ кезекте мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру жөнінде тоқталды.

– Өлгіңде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқаным» деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік таңытып, ұлт мүддесі бөрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған бір депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер. Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалды мәнге ие болды. Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияның және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінде айтылғандай, Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді. Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісін жеделдігі мен сапасын арттыру, билікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жапай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді. – Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Былыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Пар-

ламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді. Құрылтай жалпыхалық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толандыратын өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дөйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады.

– Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенмен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы екенін еске салды. Қолпұлты және аралан Қазақстанның символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады.

Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы. Халықтың өз ықтиярын тікелей білдіретіні отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылмай келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибемізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті.

– Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі қалай болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әлауатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет, – деді Президент.

ЕКІНШІ Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру мәселесі көтерілді. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет екенін айтқан Мемлекет басшысы оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажеттігін ескертті.

– Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ұшығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ

біз соған қарамастан, саликалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынын салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады.

Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі, – деді ол.

Келтірілген деректе инфляция бағамы төмендеп биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түскен. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды.

– Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023-2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және ең бастысы, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады, – деді Президент.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беруде. Осы мақсатқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Бұл ретте Мемлекет басшысы жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жұртшысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыратынын айтты. Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жеткен. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бәйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілген.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызды айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

– Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы баспанала болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар ауылдардың жағдайын жақсартуға басымдық беріп келеміз. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылды. Мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымды қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген

несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылды. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртуға ықпал еткені сөзсіз. Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент сондай-ақ, озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келетінін, әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз барын мысалға келтірді. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған мән болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек.

– Мен осыған дейін елімізде жаңа инвестициялық кезең басталатынын айтқан едім. Біз сол арқылы экономикамызды әртараптандыруды көздеп отырмыз. Әртараптандыру, яғни, диверсификация дегеніміз, бұл – жай ғана ұран немесе жағымды сөз емес, бұл – өте күрделі және жауапты міндет, оған үстірт қарауға болмайды. Былтыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асты. Ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды жекешегі зор салаларға бағытталуда. Бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екені сөзсіз. Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн.

Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кен-байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (Ал бұл мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсімнің мүлдем жаңа моделі пайда болады, – деп толықтырды Мемлекет басшысы.

Президент ҮШІНШІ міндет ретінде еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайтуды атады.

Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды ұштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады.

– Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «арлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуімен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. «Көгілдір отынмен» қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Үкіметтің дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріп отырғанын айтты. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жеткен. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ.

– Өйтсе де пайдалы қазбаларымыз, соның ішінде көмірдің мол қоры – табиғат сыйлаған артықшылығымыз саналады. Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

Алдағы үш жылда Көкшетау, Семей және Ескемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларды пайдаланатын үш жылу-электр станциясын салуымыз керек. Мұны созуға болмайды. Әйтпесе істен төрі сөз көбейіп кетті.

Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерациясын өте дұрыс таңдадық.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

2024 жылғы тарихи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркеніетті сипатқа ие. Бұл – елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтыныатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр станциясының құрылысы басталады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Біздің аймақтағы барлық елдер де осы бағытқа ден қойып жатыр, сондықтан, бәсеке күшеюде, – деді Президент.

Бұл орайда теміржол саласының жүк тасымалындағы рөлін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отырғаны айтылды. Былтыр «Достық – Мойынты» бағытының екінші желісі және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол іске қосылды. Быыл «Мойынты – Қызылжар» және «Дарбаза – Мақтаарал», келесі жылы «Бақты – Аягөз» теміржолдарының құрылысы аяқталады.

Еліміздегі автокөлік жолдарының сапасын жақсарту міндеті де орындалуы керек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет жасалды. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек.

– Соңғы бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллиард тоннаға жетті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион тенге болды. Бұл – теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш. Осының өзі отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Демек мұндай кәсіпкерлерді барынша қолдау керек.

Авиация саласындағы табысымыз да көбеюде. Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабарын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Өрине, осы тұрғыдан алғанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу – кезек күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы керек. Өуе кеністігі арқылы жүк тасымалдайтын арнайы компания құру өте орынды шешім болды деп санаймын. Бұл маңызды қадм халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуге ықпал етері сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиаотынға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыру қажеттігін алға тартты. Бұл – аса маңызды және шұғыл міндет.

– Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Өрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кен ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

– Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Өрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кен ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

– Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Өрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кен ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

– Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Өрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кен ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

– Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Өрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кен ауқымды құрылыс жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.



қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодексе пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесі көрініп отырғанын айтқан Мемлекет басшысы цифрландырудың алдағы мүмкіндіктері туралы толықтыра түсті.

– Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім.

Біз жасанды интеллектіні экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қантар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін арнайы енгізуші нақты шарттары айқындалды. Сондай-ақ менің тапсырмамен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдетпек. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында келергісіз цифрлық кеністік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электрондық коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион тенгеге жетті. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы, – деген дерек келтірді.

Президенттің пікірінше, мұның бәрі азаматтардың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы қарқынды босандық үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып отыруы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мол қуат пен есептеу кеністігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алуды мән зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуы Мемлекет басшысының ұдайы қадағалауында болады.

– Шын мәнінде, қазір Жаңа Жібек жолының жоғары технологиялық хабы ретінде еліміздің цифрлық дербестігінің іргесі қаланып жатыр. Бұл ретте ең қуатты компьютерлерде, озық дата-орталықтарда жұмыс істейтін маман болмаса, қаржы желіге ұшатынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан болашақ архитекторлары мен бағдарлама әзірлеушілерін мектеп партасынан бастап даярлауға кірістік. Altem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылды. Осы оқу жылында Жасанды интеллект университеті ашылды. Бұл – аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болмақ.

Цифрлық трансформация дегеніміз – жоғарыдан төмен қарай барлық басқару тармақтарын, тіпті халықтың басым бөлігін қамтитын ашық әрі қарқынды үдеріс. Қазірдің өзінде жоғары лауазымды басшылардан бастап ауыл әкімдеріне дейін он мыңдаған мемлекеттік қызметші осы салалық білім беру бағдарламасына қатысып жатыр. Біз мемлекеттік басқарудың логикасы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Өдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз – жаһандық технологиялық ландшафтта орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ілгерілететін, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мемлекет құру, – деді Президент.

БЕСІНШІ мәселе – адам капиталын дамыту. «XXI ғасырда шипізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығалды. Осылай деген Қасым-Жомарт Тоқаев: – Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл – адам әлеуетінің сапасы, – деп нақтылады. Өлеуметтік сала бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қаралады. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз. Президент осы орайда Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі екенін салды.

– Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты.

– Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған Заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды. Соның есебінен 450-ден аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынды.

Біз арнайы конституциялық нормаға сүйеніп отырып, табиғи байлықты азаматтардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 миллион баланың есепшотына 2,3 миллиард доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балалар, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете басталдық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналамызда, яғни Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы қазір білім экономикасы үстемдік құрған дәуірде өмір сүріп жатқанымызды, осындай кезеңде технологиялық дербестігімізді күшейте түсу үшін ғылым саласын және жоғарғы мектеп жүйесін дамытуға баса назар аудару қажеттігін қаперге салды. Еліміздегі университеттерді жаңғырту жұмысы қолға алынды, бұдан бөлек, шетелдік жетекші жоғары оқу орныларының филиалдары ашылып жатыр. Депутаттар мақұлдап, қабылдаған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң ғылыми инфрақұрылымды жақсартып, жас ғалымдарға мол мүмкіндіктер беруге зор ықпал етуде. Жалпы, алдымызда ғылым денгейін, оның тиімділігін барынша көтеруге қатысты маңызды мақсат тұр.

– Өрине, кез келген ұлттың зияткерлік әлеуеті сол елдегі орта білімнің денгейімен өлшенетіні ақиқат. Соңғы үш жылда республика бойынша 584 заманауи мектеп салынды. Әрбір үшінші мектеп инновациялық үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерді. Биыл тағы 84 мектеп

ашылады. Оның жартысынан көбі ауылдық жерлерде салынып жатқанын атап өту қажет.

Отандық медицина саласы да дамып келеді. Жалпы, 2019 жылдан бері елімізде шамамен 1300 денсаулық сақтау нысаны ашылды. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жуықтады. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, осы көрсеткіш бойынша Қазақстан осы аймақта көш бастап тұр. Бұл ел дамуының нақты көрінісі екені сөзсіз. Азаматтардың бәріне сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық медициналық көмек алуға кепілдік берілген. Бұдан бөлек, отандастарымызға нейрохирургиядан бастап репродуктивті медицинаға дейінгі ең жоғары технологиялық медициналық ем-шаралардың барлығы қолжетімді. Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолын таңдағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қаламдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент және атап өткендей, Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмектің көп денгейлі жүйесі қолға қойылған. Бұл көмек шын мұқтаж адамдарға бірлестік түрінде тиіс. Көмек «Отбасының цифрлық қартас» технологиялық шешімі арқылы көрсетіледі. Парламент депутаттарының табандылығы арқасында зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі шешілді. Бұл жиі көтеріліп, әбден жауыр болған түйткілі еді. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілдік жұмысқа ауысуға заң жүзінде қамқыл.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойынқұмарлыққа, есірткі қылмысына және кибералаяқтыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған заңнамалық шешімдер жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

– Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаттарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет.

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айықтайтын, жұртшымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Корнетің ақын Қалдыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлттық әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек. Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағылымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Өрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес, – деп келтірді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзі атап өткен заңнамалық жұмыстан бөлек, Парламент көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстағанын да жеткізді. Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдаған. Сондай-ақ 31 Үкімет сағаты және 9 Парламент тыңдауы өткен. Қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді.

– Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылған жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ тұрақты түрде азаматтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті. Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналады. Сенат

жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік экожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этиканы қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады. Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держав» ретіндегі рөлі күшейе түсті. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында шетелдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орната білді. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді, – деп толықтырды Президент.

Ендігі жерде Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу.

«Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсетуе барынша ықпал етеді деп сенемін» деген

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ҒАЛЫМЖАН ЖАРҚЫНБЕК – ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен Жаңақорған ауданында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысы өтті.

Аймақ басшысы Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқарған Самитов Мажит Самитұлына қажырлы еңбегі үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасын және «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалін табыстады.

Ауданның жаңа әкімі Жарқынбек Ғалымжан Жарқынбекұлын таныстырды. Жаңадан тағайындалған аудан әкіміне инвестиция тарту, салық базасын кеңейту, жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті дамыту жобаларын іске асыру және қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша нақты әрі нәтижелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жаңақорған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін үздік аудандардың бірі саналады. Сондықтан аграрлық әлеуетті тиімді пайдалану, өндіріс көлемін ұлғайту және саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты міндеттердің бірі болуы тиіс.

Кейінгі жылдардағы су тапшылығын ескере отырып, егіс алқаптарын артрапанландыру, суды аз қажет ететін дақылдар үлесін арттыру және шаруашылықтарға ылғал үнемдейтін озық технологияларды енгізуді жүйелі ұйымдастыру қажет.

Экономиканың маңызды саласы – туризм. Жаңақорған жерінің табиғи ерекшеліктері, тарихи-мәдени мұралары туристік әлеуетті арттыруға мол мүмкіндік ұсынып отыр. Бұл жаңа жұмыс орындарының ашылуына, шағын және орта бизнестің өркендеуіне, аудан экономикасының дамуына оң ықпал етеді.

Ауданның жаңадан тағайындалған басшысына барлық ресурсты пайдаланып, жаңа



жобаларды сапалы жүзеге асыру тапсырылды.

Ғалымжан Жарқынбекұлы 1978 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін «Агрономия» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын «Қазагрэкс» мемлекеттік кәсіпорнында бас маман ретінде бастап, ауыл шаруашылығы саласында түрлі жауапты қызметтер атқарған.

2009-2021 жылдары облыстық ауылдық инспекциясының бөлім басшысы, Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы, Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары болды.

2021 жылдың қантар айынан осы күнге дейін Жаңақорған аудандық мәслихатының төрағасы қызметін абыроймен атқарып келді.

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Негізгі міндет – оқу жетістіктерін халықаралық талаптарға сәйкестендіру, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын азайту, пәндік біліммен қатар функционалды сауаттылықты дамыту.

Билығы оқу жылында облыста 29 оқушы халықаралық олимпиаданың жүлдегері атанса, 143 шәкірт республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысымен облыс командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Ерекше атап өту қажет, Қызылорда облысы жыл сайын республикада алдығы үштіктен көрініп келеді.

Басқарма басшысы цифрлық трансформацияны жеделдету, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін еңбек нарығының сұранысына бейімдеу, тәрбие жұмысын жаңа мазмұнда күшейту үшін атқарылатын жұмыс бағытына да тоқталды.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мөлдір Тәуіпбаева кейінгі төрт жылда өңір экономикасына 2,4 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылғанын атап өтті. Жүзеге асқан 72 индустриялық жобаның құны 400 млрд теңгеден асады. Бұл өнеркәсіп құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін 38%-ға жеткізіп, 2022 жылмен салыстырғанда аймақтың шикізатқа тәуелділігін 12,4%-ға төмендетті. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінде 14 ірі жоба, оның ішінде 4 жобаның құрылысы жүргізілуде және 2-еуінің қапсуласы салынды. Жыл соңына дейін тағы 8 жобаның құрылысы басталады, 100 млрд теңгенің 21 жобасы жоспарланған.

Мәжілісте баяндама жасаған барлық басқарма басшылары өздері жетекшілік ететін салалардағы негізгі көрсеткіштерді, алдағы жоспарларды жан-жақты талдады. Осы жылында алдағы жылы беру маусымына дайындық мәселесі қаралды. Облыс әкімі бұл жұмыстар Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты бақылауында екенін атап өтіп, жауапты мекемелерге нақты міндеттер жүктелді. «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясына электр желілерінің техникалық

1-бет

ТАЛАПТАР БҮЛЖЫТПАЙ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және масаң күйде жасалатын құқықбұзушылықтың алдын алу, зардап шеккендерді қорғауда атқарылған жұмыстар, өңірдегі сыбайлас жемқорлық ахуалы және алдын алу үшін қабылданған шаралар, әлеуметтік саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері қаралды.

Мемлекет басшысы «Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу – біздің саясатымыздағы негізгі басымдықтың бірі» деп атап өтті. «Заң үстемдігін орнықтырып, құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен, сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне тосқауыл қою керек» деген міндет қойды.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев осы талаптар өңірдегі барлық мемлекеттік органның қызметінде бұлжытпай орындалуға тиіс екенін атап өтті. – Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды қызметкерлерге түсіндіріп, оның талаптарын мұлтқис сақтау керек. Медициналық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қайта зерделең, рәсімдерді кезең-кезеңімен автоматтандыруға қатысты нақты ұсыныстар енгізуді тапсырамын.

Денсаулық сақтау саласына халықтың сенімі бәрінен маңызды. Сондықтан басқармаға қарасты барлық медициналық ұйымда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуды түбегейлі күшейтіп, әрбір бас дәрігердің жеке жауапкершілігін арттыру керек. Бірде-бір заң бұзушылық

жай-күйін кешенді зерделеу, материалдық-техникалық дайындықты күшейту және төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын жетілдіру тапсырылды. Барлық жылу көзіндегі резервтік электр станцияларының тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Алдағы жылу беру маусымына қажетті көмір қорын алдын ала жасақтау керек. Осыған байланысты қала және аудан әкімдеріне операторлармен, «Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен өзара үйлесімді жұмыс ұйымдастырып, тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету тапсырылды. Бұдан бөлек, қала және аудан әкімдері кейінгі жылдары пайдалануға берілген әлеуметтік нысандардың, тұрғын үйлердің, автомобиль жолдары мен жол белгілерінің жай-күйін, аудан орталықтарының санитарлық тазалығын тұрақты бақылауда ұстауы, жүйелі мониторинг жүргізуі тиіс.

Алдағы жылу беру маусымына дайындыққа 5,5 млрд теңге қаржы болу жоспарланған, оның 3,6 млрд теңгесі республикалық бюджеттен, 1,5 млрд теңгесі облыстық бюджеттен, 350 млн теңгесі ҚЖЭО-ның өз қаржысы есебінен. Оған 8,7 шақырым жылу желісін жаңғырту жобасын аяқтау, №1 және 2 газтурбиналық қондырғыны күрделі жөндеу, 1,3 шақырым жылу желісін, 1 қазандықты, 1 турбина және 10 автономдық қазандықты, негізгі және қосалқы қондырғыларды жөндеу жоспарланған.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Акса Энерджи» түрік компаниясы жаңа жылу-электр орталығын салды. Бүгінде орталық іске қосылып, жобадан қаралған электр энергиясын өндіруде. Алдағы жылу беру маусымында толық іске қосылып, тұрғындарды үздіксіз, сапалы жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Облысқа жылу беру маусымында 80 мың тонна көмір керек. Оның 68,3 мың тоннасы тұрғындар, 11,7 мың тоннасы әлеуметтік нысандар қажеттілігі. Кестеге сәйкес көмір жасақталуда. Өңірдегі электр желілері мен қондырғыларының тозу деңгейі 60,8%, биыл қайта жаңғыртуға 10,5 млрд теңге қаржы жоспарланған. Бұл жұмыстардан кейін тұрған желілер 59 пайызға азаяды. Жалпы алдағы жылу беру маусымына дайындық тұрақты бақылауда.

Е.ДӘУІР

ТАРИХИ КЕЗЕҢ. ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ

Еліміздің саяси тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі аяқталды.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған жаңа Конституцияға сәйкес 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа конституциялық моделі күшіне енді. Осыған байланысты 1995 жылғы Конституция негізінде қалыптасқан және отыз жылдан астам уақыт бойы қызмет атқарған қос палаталы Парламенттің (Сенат пен Мәжілістің) өкілеттігі толық тоқтатылды. Осылайша, елімізде жаңа саяси-құқықтық кезең басталып, мемлекеттік билік институттары жаңа Конституция талаптарына сәйкес қайта қалыптасады.

Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламенттің ел дамуындағы орнын ерекше атап өтіп: «Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы» деп жоғары баға берді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының игілігі жолында өз әлеуетімізді жүзеге асыруға мүмкіндік бергені үшін Президентімізге шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі күрделі әрі тұрақсыз саяси жағдайда құрылған Парламенттің өткен отыз жыл ішінде мемлекетіміздің орнықты дамуы мен мемлекеттік құрылыстың тұрақтылығын қамтамасыз ету жолындағы тарихи миссиясын абыроймен атқарғанын айтты. Сенаттың заң шығару үдерісінің тиімді жұмыс істеуіне және елдегі негізгі реформалардың жүзеге асуына кепіл болған маңызды институт екенін де ерекше атап өтті. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолындағы Сенаттың орны мен ролін дәл айқындайтын әділ баға деп есептеймін.

Осы тарихи сәттің куәгері ретінде Қазақстанның заң шығару органының жоғарғы палатасында 2023 жылдың қантар айынан бастап Сыр халқының аманатын арқаулап, Сенаттың VII, VIII шақырылымдарының депутаты ретінде қызмет атқару мен үшін үлкен жауапкершілік әрі зор мәртебе болғаны анық. Депутаттық міндетімді жүзеге асыру кезеңіндегі басты мақсатым – мемлекет мүддесі мен халықтың талап-тілегін ұштастырып, Қызылорда облысының өзекті мәселелерін республикалық деңгейде көтеру, заңнамалық бастамалар арқылы еліміздің дамуына үлес қосу болды.

30 жылдан аса тарихы бар Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының соңғы Төрағасы қызметін атқарған Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың мемлекеттік мүддеге негізделген саяси ұстанымы мен стратегиялық көзқарасы Сенат жұмысының мазмұнын жаңа деңгейге көтергенін айту қажет. Ол елдің әр өңірінен сайланған сенаторларды ортақ мақсатқа жұмылдырып, күрделі заң жобалары мен маңызды мемлекеттік шешімдерді жан-жақты талқылауға ұйытқы бола білді. Әсіресе, Мемлекет басшысы бастамашылық еткен саяси және конституциялық реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, қоғам сұранысына сай жаңа заңдарды қабылдау және өңірлердің өзекті мәселелерін мемлекеттік деңгейде көтеру бағытында Сенаттың ықпалы айқын сезілді. Бұл ретте Мәулен Сағатханұлының парасатты басшылығы, саяси мәдениеті және келісім мен сабақтастыққа негізделген басқару стилі Парламенттің жоғарғы палатасының беделін арттырып, ел мүддесіне қызмет ететін маңызды заңдардың сапалы қабылдануына берік негіз қалады.

Мен үшін бұл уақыт аралығы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты ретінде ел тағдырына қатысты маңызды шешімдердің қабылдануына қатысып, халық сенімін ақтауға күш-жігерімді жұмсаған жауапты әрі тағалымды кезең ретінде есте қалмақ. Бұл – атқарылған жұмыстарды саралап, ел сенімін ақтауға бағытталған қызметтің нәтижелеріне баға беретін маңызды кезең.

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі ретінде білім беру, ғылым, мәдениет, ақпарат, еңбек қатынастары, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және руханият салаларына қатысты маңызды заңдарды қарауға және жетілдіруге әріптестеріммен бірге белсенді қатыстым. Сол жұмыстардың ең негізгілеріне тоқталып өтейін.

Есепті кезеңде аталған комитеттің мүшесі ретінде он беске жуық заң бойынша жұмыс тобын басқардым. Солардың қатарында «Қоғамдық бақылау туралы» Заңын ерекше айтқан болар едім. Аталған заң азаматтық қоғам институттарының әлеуетін күшейтіп, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталды. Заңды талқылау барысында қоғам өкілдерімен, сарапшылармен және мемлекеттік органдармен жүйелі жұмыс жүргізілді. Заң аясында Қоғамдық бақылауды жеке бір адам да, қоғамдық бақылау топтары да жүзеге асыра алады.

Жалпы қорыта айтар болсақ, «Қоғамдық бақылау туралы» Заң жалпы қоғамдық бақылау саласын бір жүйеге келтіріп, қоғам өкілдеріне шешімдерді енгізу кезеңінде де, іске асыру кезеңінде де, нәтижелерді бағалау кезінде де билікті басқаруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор жұмысының «ашықтығы» деңгейі жоғарылайды, азаматтардың мемлекет істерін басқаруға тартылу деңгейі өседі, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімнің деңгейі жоғарылайды, азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беруге жәрдемдеседі. Өзім депутаттық бастамашы топтың құрамында болып, бірге әзірлеген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, еңбек адамдарының құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды құқықтық тетіктер заңнамалық деңгейде бекітілді.

Қос палаталы Парламенттегі қызметіміздің негізгі бағыттарының бірі – Сыр өңірінің мәселелерін тұрақты түрде көтеру болды. Осы кезеңде облыс әкімі қызметін абыроймен атқарған Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың ұтымды үйлестірушілігімен және Сыр бойынан әр жылдары сайланған Парламент депутаттары А.Әлнарарова, Н.Байқадамов, М.Әбенев, М.Ерғешбаев, М.Жайымбетовтермен, орталық атқарушы органдармен бірлесіп отырып, облыстың өзекті мәселелеріне республикалық бюд-

жеттен қаржы бөлінуіне қол жеткізу бағытында нақты жұмыстарды атқаруға тырыстық.

Осы бірлескен жұмыстардың нәтижесінде өңір үшін аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды ілгерілетуге мүмкіндік туды. Ең негізгілерін атап айтқанда, жаңа тұрғын аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын жүргізу, теміржол өткелін салу, бірқатар магистральды көшелерді қайта жаңғырту, жаңа көпір мен жол желілерін дамыту, әуежайға көріберіс автожолды реконструкциялау, жылу желілерін жаңарту секілді ірі жобаларға қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар ауылдар мен елді мекендерді ауызсумен, газбен, электрмен қамту, жолдарды, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы бастамалар кезең-кезеңімен шешімін тапты.

Бастысы, бұл бастамалардың барлығы елдің күнделікті тұрмысын жақсартуға, өңірдің инфрақұрылымдық әлеуетін арттыруға және Сыр жұртшылығының көптен күткен нақты мәселелерін кезең-кезеңімен шешуге қызмет етті. Шындығында да еңбек ырғағын бір сәтке баяулатпаған жерлестеріміздің бірлігімен келген осы жетістіктерді – Сыр жұртшылығы Президентіміз бен Үкіметтің нақты қолдауы деп түсінеді.

Сондай-ақ өз тарапымнан Үкіметке жиырма жуық депутаттық сауалдар қолдадым. Олардың қатарында Сырдағы су тапшылығы, ирригациялық жүйелерді жаңғырту, топырақтың тұздануы, Арал теңізінің экологиялық ахуалы, Қызылорда облысына бөлінген мұнай экспорты квотасын ұлғайту, бірқатар елді мекендерді ауызсумен қамту, т.б. мәселелер бар. Бұл тақырыптар республикалық деңгейде кеңінен көтеріліп, мемлекеттік органдардың назарын аударды.

Ұлттық құндылықтарды сақтау және рухани дамуы қамтамасыз ету бағытында ұлттық кино өндірісінің сапасын арттыру, ұлттық анимацияны, қазақ балалар әдебиетін қолдау, музей ісін дамыту, қазақ тілі мен әдебиетінің өңіріне оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелері бойынша да бірқатар депутаттық сауалдар жолдап, ұсыныстар енгіздім.

Қоғамдық қызмет аясында ҚР Мәдениет және ақпарат министрілігі жанындағы Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның мүшесі ретінде ұлттық кино саласын дамытуға бағытталған жұмыстарға белсенді қатыстым.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылған саяси және конституциялық реформаларды қолдау жұмыстарына да белсенді атсалыстым. Жаңа Конституцияны қабылдау, референдум өткізу, саяси жаңғыру үдерістерінің маңызын түсіндіру бағытында республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген макалалар жариялап, қоғамдық талқылауларға қатыстым. Осы бағыттағы еңбегім Мемлекет басшысының Жарлығымен берілген «Құрмет» орденімен жоғары бағаланды.

Бұдан басқа, еңбек қатынастарын одан әрі жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек саласындағы ұжымдық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бойынша депутаттық бастамамыз Мәжілістің қарауына ұсынылды. Бұл заң жобасы алдағы уақытта Құрылтай отырыстарында қолдау табады деп сенемін.

Парламент Сенатындағы қызметіміз барысында Сыр өңірімен байланысымыз бір сәтке де үзілген емес. Оның басты себебі – сол кездегі облыс әкімі, бүгінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметін атқарып отырған Нұрлыбек Машбекулы Нәлібаевтың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тын серпін берген қарқынды жұмысы еді. Облыста күн сайын дерлік жаңа бастамалар қолға алынып, өндірістік, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатты. Сондықтан әр сапарымызда жаңадан пайдалануға берілген нысандардың ашылуына қатысып, салынып жатқан маңызды жобалардың барысымен танысып, ел игілігіне бағытталған жұмыстардың куәсі болдық. Облыс әкімінің қала, аудан тұрғындарын жеке мәселелерімен қабылдауларына бірге қатысып, өңір үшін түйткілді мәселелерді бірлесіп зерделедік.

Бүгінде Мемлекет басшысының сеніміне ие болып, Қызылорда облысының әкімі қызметін атқаруға белсенді кіріскен Мұрат Нәлқожаұлы Ерғешбаевтың алдында да өңірдің қарқынды дамуын одан әрі жалғастыру міндеті тұр. Ел басқару ісінде мол тәжірибе жинақтаған, Сыр өңірінің тыныс-тіршілігін тереңінен білетін білікті басы ретінде Мұрат Нәлқожаұлының облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін одан әрі арттырып, басталған ауқымды жобаларды табысты жалғастыруына сенімдімін.

Уақыт сыны таразысына түскенде лауазымының емес, ел үшін атқарылған істің салмағы өлшенеді. Сенаттағы қызмет атқарған жылдарым мен үшін саяси өмірбаянымдағы кезекті кезең ғана емес, Сыр жұртшылығының сенімін арқаулап, өңірдің өзекті мәселелерін мемлекеттік деңгейде көтеруге мүмкіндік берген үлкен жауапкершілік мектебі болды. Өйткені ел сенімі есеп беретін биік мінбер ғана емес, табанды еңбек пен нақты нәтижені талап ететін зор жауапкершілік. Осы уақыт ішінде қолдау білдірген барша жерлестеріме, ардагерлерге, зиялы қауым өкілдеріне, қоғамдық ұйымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне және әріптестеріме шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Руслан РҮСТЕМОВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
2023-2026 жылдардағы депутаты

«СБ» ақпарат

/// САПАР

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БЕСАРЫҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН АРТТЫРА ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасы Сырдария ауданының Бесарық ауылында сәтімен жүзеге асуда.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев ауданға жұмыс сапары барысында осы ауылдағы №12 аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жұмысымен танысты. Спорт кешенінде дзюдо, бокс және таэквондо үйірмелері жұмыс істейді. Қазір мұнда 180 адам спортпен тұрақты шұғылданады. Мекемеде 18 қызметкер еңбек етеді.

Одан кейін аймақ басшысы ауылдың орталық алаңында тұрғындармен кездесіп, шағын өндірістік орталық пен ауылдық мәдениет үйінің жұмысын көрді.

Жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, Бесарық ауылы одан әрі дамытуда атқарылатын жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталды.

Мұнда «Абай-Дәулет» серіктестігінің демеушілігімен фрикартобын өндіретін зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар наубайхана, кондиционерлік және жартылай дайын өнімдер цехтары, жұмыс қолғаптарын, пластик ыдыстарды, сабын мен ағаш бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар іске қосылған. «Қызылорда» супермаркеті мен дәмхана тұрғындарға сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Еске салсақ, 2024 жылы ауылда жалпы аумағы 1 мың шаршы метр болатын шағын өндірістік орталық пайдалануға беріліп, 13 кәсіпкерге өз кәсібін бастауға мүмкіндік жасалды.

Оның 4-еуі «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы, 5 жоба «Өңірлік инвестициялық орталықтың» қолдауымен, ал 4 жоба шаруашылықтың өз қаражаты есебінен жүзеге асты. Нәтижесінде 25 жаңа жұмыс орны ашылып, жобаларға 960 млн теңге инвестиция тартылды. Бүгінде кәсіпкерлер шағын өндірістік орталықта өз өнімдерін шығаруда.

«Абай-Дәулет» серіктестігі 2018 жылдан бері ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд теңгенден астам қаражат бағыттады. Бұл қаржы 360 орындық мектеп, 120 орындық балабақша, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі секілді әлеуметтік нысандарды салуға, жөндеуге, абаттандыруға және көгалдандыру жұмыстарына жұмсалды.

ІРІ ЖОБАЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Бүгінде сол жағалаудағы шағын өнеркәсіп нысандарының жұмысы жүйелі жолға қойылған.

Өткен жылы ашылған «Тұмар» шағын өнеркәсіптік аймағында ет, сүт, кондитерлік өнімдер мен жартылай фабрикаттар өндіретін 7 өндірістік цех жұмыс істейді. Шығарылатын өнімдер жергілікті тұрғындардың сұранысына, азық-түлік қауіпсіздігі талаптарына сай.

«Сүт Дағуа» коммуналдық базары қаладағы сауда инфрақұрылымын дамыту мақсатында ашылған. Базарда сапалы азық-түлік өнімдерін сатуға, жергілікті ауыл шаруашылығы тауар-өндірушілеріне қолайлы жағдай жасалған. Аумағында азық-түлік, киім-кешек дүкендері мен тұрмыстық техника сататын сауда орындары бар. Қазіргі уақытта көтерме сауда орындарын орналастыру үшін ғимарат қайта жаңғыртылып бейімделуде.

«Техоснастка-Ремсервис» ЖШС-ның шағын өнеркәсіп аймағында тәулігіне 15 сантехникалық бұйым өндіретін, темір тор шығаратын өндірістік цехтар бар.

Сол жағалаудағы шағын өнеркәсіп нысандарын аралап шыққан аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев жауапты сала жетекшілеріне шағын өнеркәсіпті, ондағы өндіріс ауқымын кеңейтуді тапсырды.

«СБ» ақпарат

/// СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

СУШЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ӘРҚАШАН БИІК

Адамзат пен табиғат тіршілігіне нәр беретін суды реттейтін өз мамандары бар. Үкімет 9 шілдені Су шаруашылығы қызметкерлерінің күні деп жариялаған. Сол кезден бастап Қазақстанда жыл сайын кәсіби мереке атап өтіледі.

Сушының еңбегі орасан зор. Күні-түні егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету, бақылау және оны егістікке дер кезінде жеткізу, қыс-көктем мезгілдерінде мол суды апатсыз өткізу үшін қуырлы органдармен бірлесіп, гидротехникалық құрылыстарды басқару және қауіпсіздік ережелерін сақтау, су қоймаларының жұмысын реттеу, жоғарыдан келетін судың көлемін қауіпсіз мөлшерде ұстап тұру, қауіпті аймақтарды анықтап, тиісті шараларды қабылдау тәсілділікті, жоғары біліктілікті және үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекет басшысының су саласындағы заң бұзушылықтардың жауапкершілігін заңнамалық деңгейде қатаңдату, соның ішінде судың қара нарығын жою шараларын күшейту тапсырмасы бар. Оны орындау үшін стратегиялық маңыздылығы ескеріліп, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, елімізде ауқымды шаралар атқарылуда.

Негізгі міндеттер су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы және су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында бекітілді.

Сонымен қатар, өткен жылы 9 сәуірде жаңа Су кодексі күшіне енді. Жаңа құжатқа сәйкес, бассейндік инспекциялар қадағалау және жедел әрекет ету шараларын қабылдау құқығына ие болды.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне де өзгерістер енгізіліп, су заңнамасын бұзғандарды жазалау шаралары күшейтілді, жедел ден қою шаралары енгізіліп, айыппұл көлемі дәуір өсті. Кәсіпкерлік кодексі су ресурстарын басқару органдары жедел ден қою шараларын қабылдай алатын нормалармен толықтырылды.

Егер бұрынғы Су кодексінде «суды пайдалан, бірақ, бүлдірме, ластану» деген талап қойылса, жаңа кодекс «суды пайдалан, сонымен қатар, су үнемдеу шараларын қабылда, су үнемдеу технологияларын, суарудың прогрессивті техникасын, айналымды немесе қайталама сумен жабдықтау жүйелерін ендіруге басымдық жаса, ғылыми-инновациялық жаңалықтарды енгіз» деген талаптарды қойып отыр.

Мемлекеттік су саясаты су пайдалану мәселесіне көзқарасты түбегейлі өзгертуді көздеп отыр. Үнемдеу, табиғатты аялау – бұл тек заман талабы емес, барша адамзаттың адами қасиеттерінің ажырамас бір бөлігі, әдептіліктің бір көрінісі екенін ұғындыру, ерте жасынан бастап осы қасиеттерді бойына сіңіру, тәрбиелеу.

Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясы – су шаруашылығы бассейні шегінде су қорын қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының өңірлік бөлімшесі.

Өз құзыреті шегінде су қатынастары субъектілерінің қызметін үйлестіріп, қорды қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 4 түрін ұсынады. Олар –



суды есепке алу аспаптарын пломбалау, гидротехникалық құрылыс жайлардың қауіпсіздігі декларациясын тіркеу, су пайдалануға арнайы рұқсат құжатын рәсімдеу, су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс және өзге де қызметтерге байланысты жұмыс жүргізу шарттарын келісу.

Бүгінде Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының штат саны екі есеге ұлғайтылды. Түркістан қаласынан бір бөлім ашылды. Материалдық-техникалық жағдайы жақсарды. 2024 жылы 3 автокөлік, биыл тағы 2 көлік бөлінді. Кенсе тауарлары жаңартылды, оның ішінде, мемлекеттік инспекторлар планшеттермен, дрон, курвиметр, су өлшеу құралдары және т.б. жабдықтармен қамтамасыз етілді. Инспекцияның ғимараты күрделі жөнделіп, заманауи жиһаздармен жабдықталды.

Су шаруашылығы мамандарының білімін арттыру мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп, былтырдан бері инспекцияның 6 маманы Жапония, Қытай және Тәжікстан елдерінде біліктілігін арттыру курстарынан өтіп, тәжірибе алмасып қайтты.

Инспекцияда жиырма жылдан астам және отыз жылға жуық жоғары білікті мамандар Сейтқасым Абуов, Ерлан Сағымбаев, Айгүл Әлібекова, Нұрғиса Алматов, Сұлтанбек Бекжанов, Әлия Абдуманова, Жанар Искакова абыроймен қызмет атқарып келеді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан еңбек әулеттері де бар. Сейтқасым Абуовтың ата-анасы осы салада жылдар бойы қажырлы еңбек етіп, құрметті зейнет демалысына шыққан, сол сияқты жас маман Әлия Мейрамның да әулеті су саласына қатысы бар.

Жастарды қолдау, оларға кәсіби білім беру, жұмыспен, тұрақты баспанамен қамту секілді бағдарламалар мемлекеттік жастар саясаты аясында жүзеге асырылып, жас буын мамандар өз кәсібін тауып еліміздің өркендеуіне атсалысуда.

Мақария Абдисалимова, Аружан Ержанқызы бүгінде инспекцияның бос мемлекеттік лауазымына конкурсы арқылы жұмысқа қабылданып, бас маман қызметін атқарып келеді.

Студенттерге мамандықтың дағдыларын үйретуде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және Қызылорда агротехникалық колледжімен келісімшарт жасалып, практикалық тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілуде.

Одан бөлек, инспекция мамандары жоғары оқу орындарының студенттерін «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Мөлдір бұлақ» экологиялық шараларына тартып, ынталандырып, қоршаған ортаны қорғау жұмыстарына қатыстырып келеді.

Жастарды қолдау, оларды патриотизмге тәрбиелеу – басты міндет. Инспекция мамандары орта мектеп оқушыларына су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру үшін кездесулер, ашық сабақтар ұйымдастырып, ақпараттық бейнероликтер көрсетіп, түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді.

Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен қала көшелері, үлкен маңай бойында «Суды үнемде – болашақты сақта!» билбордтары орналастырылды. Адам көп шоғырланатын орындарда – әуежай, автовокзал, теміржол вокзалы, базарлар, сауда супермаркеттерінде суды үнемдеу тақырыбында көрнекі ақпараттар ілінуде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну сапасын арттыру және су тұтынушылардың құқықтық сауатын жетілдіру жұмыстары аясында жылына екі рет «Ашық есік күндері» өткізіліп, азаматтар су пайдалану мәселелеріне қатысты туындаған сұрақтарына инспекция мамандарынан тиісті жауап алады.

Оқу семинарлары ұйымдастырылып, онда су пайдаланушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жайлы, су пайдалануға рұқсат құжатын алу, мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы жаңа Су кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, тоқсан сайынғы ведомстволық статистикалық есепті электронды түрде тапсыру тәртібі түсіндіріледі.

Бүгінде вегетация науқанында шаруалар мен дикандалар егістік алқаптарынан мол өнім алу үшін судың қажетті көлемде және тұрақты берілуін қамтамасыз ету маңызды, осы жолда сушылар тынымсыз еңбек етуде.

Мамандар аудандарға барып, жергілікті атқарушы органдармен және су тұтынушылармен кездесулер өткізіп, тиімді пайдалану бойынша, су жеткізіп беру қызметіндегі тарифтің өсуі, бассейндік су инспекцияларымен су пайдаланудың арнайы рұқсат құжатын рәсімдеу, заңсыз су пайдалануға жол бермеу, «Қазушар» РМК филиалдарымен су беру қызметінің автоматтандырылған биллинг жүйесі арқылы тұрақты суару үшін су жеткізіп беру қызметіне келісімшартқа отырып, рұқсат етілген нормадан артық пайдаланбау, есепті қатаң жүргізу, үнемдеу технологияларын қолданғаны үшін берілетін субсидиялар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Су кодексінің талаптары қатаң сақталуы тиіс. Сондықтан, алдағы уақытта судың «көлеңкелі нарығын» жою және басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу және су ресурстарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін барша азаматтарды үлес қосуға шақырамын.

Су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Еліміздің өркендеуі жолында жасап жатқан қызметтеріңіз әрқашан табысты болсын!

Зейнулла ҚАЗТӨГАНОВ,
Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік су инспекциясының басшысы

/// ТІЛЕКТЕСТІК

ҚОС ҚАЛАМҒЕР – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚ МҮШЕСІ

Жақында аталып өткен БАҚ қызметкерлерінің төл мерекесіне орай әріптестеріміз түрлі деңгейдегі марапат, оқырман тарапынан лайықты баға алғаны көңілге қуаныш ұялатадан еді.

Қаламдестер үшін тағы бір жағымды жаңалық, Сыр журналистикасында жарты ғасырға жуық қызмет еткен белгілі ақын, қарт қаламгер Мұхамеджан Нұрханов және өңірдің журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжәлі Ермбет Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі атанды. Қалам иелерінің куәлігін ҚЖО облыстағы өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қаршыға Есімсейітова табыстады.

«Сыр медиа» ЖШС мекемесі қызметкерлерінің жиыны жалғасын тауып, онда осы мекемеде әкімшілік бөлімінің басшысы, кәсіподақ ұйымының төрайымы болып көп жыл қызмет атқарған, кешегі мерекеде Қызылорда облысының Құрмет грамотасын иеленген Балқұл Тәңірбергенованы ұжымдастары зейнет демалысына шығарып салды. Жиынға мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері облыстық кәсіподақ ұйымының төрайымы Раушан Үмбетова қатысып, Б. Тәңірбергенованы мерекелік төсбелгімен марапаттады.

«СБ» ақпарат



/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

ПЛЕЙ-ОФФТЫҢ АЛҒАШҚЫ СЕНСАЦИЯЛАРЫ

Футболдан 2026 жылғы Әлем чемпионаты шешуші кезеңге аяқ басты. Былғы мундиаль алғаш рет 48 құраманың қатысуымен өтіп жатқандықтан, плей-оффтың 1/16 финалдық кезеңі де тарихта тұңғыш рет ұйымдастырылуда. 28 маусымда басталған бұл сын үшінші шілдеге дейін жалғасады. Әр кездесуде қателесуге мүмкіндік жоқ – жеңген команда жарысты жалғастырса, жеңілгені бірден турнирмен қоштасады.



Бразилия өз жанкүйерлерін соңғы секундтарға дейін алаңдатты. Жапония бірінші таймнан кейін есепте алда болғанымен, үзілістен соң Каземиро таразы басын теңестірді. Ал 90+5 минутта Габриэл Мартинелли жеңіс голын соғып, бес дүркін Әлем чемпиондарын 1/8 финалға шығарды.

Канада турнирдің плей-офф кезеңінен жеңіспен бастап берді. Оңтүстік Африка Республикасына қарсы өткен

матчтың тағдыры қосылған уақыттың бесінші минутында шешіліп, канадалықтар минималды есеппен келесі айналымға өтті.

Франция құрамасы да өз деңгейін көрсетті. Швецияны 3:0 есебімен сенімді жеңген вице-чемпиондар ойын тізгінін толық бақылауда ұстап, фаворит мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді. Команданың көшбасшысы Килиан Мбаппе кезекті екі голын

соғып, шабуылдағы тиімділігін паш етті.

Осы уақытқа дейін өткен кездесулердің қорытындысы бойынша 1/8 финалдың алғашқы жұптары да белгілі болды. Канада Мароккомен кездессе, Бразилия Норвегиямен жолғады. Ал сенсация авторы Парагвай Франция құрамасымен күш сынасады.

Плей-оффтың қалған он кездесуі 1-4 шілде аралығында өтеді. Алдағы күндері Мексика - Эквадор, Англия - Конго Демократиялық Республикасы, Бельгия - Сенегал, АҚШ - Босния және Герцеговина, Испания - Австрия, Португалия - Хорватия, Швейцария - Алжир, Австралия - Египет, Аргентина - Кабо-Верде және Колумбия - Гана құрамалары өзара мықтыны анықтайды.

Әлем чемпионатының шешуші кезеңі алғашқы күндердің өзінде-ақ жанкүйерлер күткеннен де қызықты өрбиде. Сенсациялар, соңғы минуттардағы голдар мен пенальти сериялары мундиальдың тартысын арттыра түсті. Енді әрбір матчтың бағасы бұрынғыдан да жоғары. Себебі келесі кәсіби кез келген құраманың Әлем чемпионы атауы арманын аяқтау мүмкін.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

GAZET POШTACЫHAN

Күні кешегі бір отырыста пайгамбар жасындағы атаның «екі немерем көзден кетті» деп тосыннан бастаған сөзіне бәріміз аңтарылып қалдық. «Телефон бөле болды...» деп әрі қарай жалғастырды, әңгіменің төркіні түсінікті болар. Расында, бүгінде баламызды кім тәрбиелеуде, өзіміз бе, өзгелер ме? «Әрине, өзіміз!» деп ауыз толтырып айта аламыз ба? Ендеше, неліктен бұл мәселе бүгінде өзекті ортеп, көзден айырып жатыр? Азанның кешке дейін ұрпақ тәрбиесі айтылып-ақ келеді. Үйде, көшеде, емхана, асхана, жол-жөнекей буыны қатпаған баланың екі көзі анасын емес, телефонды іздеп, қолына бермесе жылап қоя

демалысы азаяды, ұйқысы бұзылады, көз жанары талады, зейіні шашырайды, қабілеті төмендейді, рухы шаршайды, жүйкесі жұқарады. Бұл ештеңе емес, жуырда жекеме шыққан бір ананың жан айқайына куәмін. Он үш жастағы қызы TikTok желісі арқылы трансгендерлерді күні-түні көріп, олардың арсыз қылықтарына өтіп, өз-өзіне қастандық жасаған. Бұл – баланың бақылаусыз қалуы, білместікке өтуі, жаманды қабылдауы, оны дұрыс көруі. Бұдан басқа агрессия мен кибербуллингке тап болуы, жасына сай емес контенттерді көруі жүйкесіне, мінезін, өміріне әсерін тигізеді. Бәрінен бұрын,

қауіпсіздігі үшін жасайтын ата-ананың жауапкершілігі. Сол сияқты, бозбаланың интернетті пайдалануы дұрыс, бірақ, саналы қолданушыға айналуы үшін бәрібір қадағалауды қажет етеді, 2 сағат жеткілікті. Дәл осы тұста ата-ана мен бала арасында жалған сұлулық, алаяқтық схемалар, ақпаратты сүзгіден өткізу, сыни көзқараспен қарау бағытында пікір алмасулар өте-өте қажет. Ең бастысы, интернет досы, дұшпаны, ұстазы, сөйлеп тұрған тірі адам емес, бар болғаны нейрожелі екенін ұғынғаны жөн.

Ал енді түнімен түрлі әлеуметтік желіге жіпсіз байланатын ұрпағымызға ұлағат болатындай өзіміз қандай амалдамыз? Мысалы, бала әкесінің бір ісін, анасының бір қылығын іліп алады, ағасына еліктейді, інісінен үйренеді, яғни бала келешегіне қажетті эмоцияны отбасынан алады. Мысалы, кешкі дастарқан басында ойлы әңгімелер айтылса, бала телефонға, теледидарға емес, әкесіне қарап, кітапқа үңілер еді. Ал әке-шеше кітап

ЭКРАН АЛДЫНДАҒЫ БАЛАЛАР

беретініне куәміз, бірақ соған ден қойып, мән бермейміз. «Мультфильм көрсін» деп жанды жұбатамыз, құлақты тыныштандырамыз. Алайда ұрпағымыз көзіміздің шырағы ма, ғаламтор шырғауында ма? Күні мен түнін әлеуметтік желіге байлайтын ұл-қыздымызға ұлағат болатындай өзіміз қандай амал жасап жүрміз? Балалар контентін молайтқан дұрыс па, интернеттен ажыратқан дұрыс па? Жалпы, ғаламтордың ғаламатынан қалай арыламыз, экран алдындағы балалар мәселесін қалай шешеміз, осыған тоқталайық.

Бұрын дала баласына алақандай ауылдың ақ сақалды атасы, ақ жаулықты әжесі, тақиялы әкесі, текті анасы, мәдениетті мектебі, мәртебелі мұғалімі ықпал етсе, қазіргі қала баласына танымдық теледидар, ғажаптық ғаламтор, модернді мультфильмдер, озық онлайн ойындар қызық. Әйелдерге пысық психолог, кәсіби коуч, белсенді блогер, өрелі өнер адамы серіні берсе, ерлер жағы ежелгі этеш ұрысындай сенімді спортшыларға ақша тігетін болды, яғни ойынқұмарлықты осы жерден бастауда. Бұл аздай, үйдің баласы ғаламтор кеңістігінде емін-еркін сайрандауы үшін қолдарына қолақпанды кірпіш телефонды ұстатты. Содан болар, кейінгі кезде өз баласына өзі не бола алмай шағымданушы әке-шеше қатары тізіле бастады. Өкінішке қарай, бұл шындық, оған тура қарайық. Баланың бірінші ұстазы – әкесі мен анасы, яғни әрбір сөзі, мінезі, қылығы, ісі, амалы, әрекеті, тұрмысы, салты ақ қағазды санасына түсетін сиясы қанық алғашқы жазулар. Содан кейін досы, жан-жағы, айналасы, ортасы – бағыт-бағдар. Осы тұста ата-ананың жіберетін бірінші қателігі – «баланы мектеп тәрбиелейді» деген ойы. Айналайын ата-ана, баладан бұрын өзіміз қателеспейік, мектеп – білім ордасы, мұғалім – білім иесі, тәртіпке бағыттаушы. Бұдан басқаға міндетті де, жауапты да емес. Сол сияқты, баланың досы – кез келген ортаға бейімдеп, жақсы-жаманды сіндіріп, дағдыландырушы. Бұл да – жіті қаралатын мәселе.

Ғаламтор балаға не беріп жатыр? Қазір «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» дегеннің дәуірі өтті. Өйткені, таңның атысы, кештің бағысы шулы басылмайтын үйде тыныштық орнаса, сол үйдің балалары ноқтасыз желіге байланды дей беріңіздер. Жұырда мына бір көрініске тап болдым, яғни TikTok желісінде 1000-ға жуық адамға қазіргі келіндер мен енелер жайлы шайпау әңгімемен қарқынды стрим жасап отырған жас келіншектің артқы жағына көзім түсті. Кішкене қыз баласы құлағына құатты құлаққапты киіп алып, ноутбукқа телміріп отыр. Ол не көріп, әлемнің қай бұрышында, кімге ұйып, кімді тыңдап отыр, онмын анасының шаруасы жоқ, жұртқа ақыл айтып сайрап отыр. Бұл жерде бәріміз «мультфильм көріп отырған болар» деп ойлауымыз мүмкін. Алайда, жасы 10-ға жетпей, Құдайдың берген күш-қуатын интернетке жұмсауы – көз майын тауысуы, уақытын ысырап етуі. Бала үшін ғаламтор – көктегі айға, аспандағы жұлдызға, ғарыштағы ғаламатқа тең шартарап. Өзін бейтаныс әлемге сахаттаушы ретінде сезініп, ұтыскер ретінде көруі ықтимал. Бұған дер кезінде шектеу қойылмаса, балаға ата-ана авторитет болмай қалады. Жылы ұясын, мектебін, мұғалімін, достарын ұмытса, ғаламтор басты құндылығына айналуы әбден мүмкін. Одан мінезі мен өмірге деген көзқарасы қалыптаспайды. Бір сөзге жиганда, ғаламтор ғаламат ұстазы болады. Сол үшін бүгінгі ата-анадан қайталап сұраймын, баланыңды кім тәрбиелеп жатыр, өзің бе әлде өзгелер ме?

Ата-ананың жіберетін екінші қателігі – балаға отырып алып ақыл айту әрі оны тәрбие деп түсінуі, сөйлейтін сөзі, істейтін ісі, мінезі, қылығы, жүрісі, тұрғысы, киім киісі баласына үлгі екенін білмеуі. Салқын ой, құрғақ ақыл бойға жұқпайды әрі тәрбие амалмен жүзеге асады. Ата-ана ең жақын досындай баламен сырлас болмаса, біртәбан қалыс қалады, тәртіпке үйретпесе, бәрінен кеш қалады. Баланың бағдары ата-ана болмаса, көрінгеннің көшіне ілесіп жүре береді. Ал бала үлкен бір кітапты оқып шыққандай, ата-анадан бәрін көріп, біліп шығуы тиіс. Сол үшін қазақ баласының әрбір әке-шешесіне айтарым, сіздер ұрпағымызға үлгі болмасаңыздар, Құдайға шағым айтыңыздар. Әсіресе, ғаламды ұсысына жиган ғаламтор орындарыңызды басады. Баланың сөзге құлақ аспауы да дәл осы тұстан басталады.

Шексіз интернетті шегімен қолданған жөн. Иә, кез келген уақытта білім мен ғылым көзін табу, қабілетті арттыру, зейінді жаттықтыру, жақсы дағдылар қалыптастыруға пайдасы мол. Алайда, шексіз екен деп, шамадан тыс қолдану жақсы емес. Мұның да пайдасыз тұсы бар, яғни баладан бастап үлкендерді еріксіз елітетін онлайн ойындар. Оның ішінде баланың қандай әсер алып жатқанын білмейміз. Бір білерім, оқуы нашарлайды,

ғаламтордың қасіреті – соған тәуелді болуы. Сол үшін әрбір ата-анаға ұсынарым – баламен үнемі ашық сөйлесіп, жиі диалог құрып, түсінігіне сай интернеттің пайдасы мен зиянын айтып, дұрыс қолдануға бағыттаса екен деймін. Тіпті қолдану уақытына шектеу қою, қауіпсіздік фильтрін орнату немесе қажет болғанда қолдану не болмаса бірге пайдалану да артық емес. Мұндайда ата-ананың өзі телефонға үйір болмауы – балаға үлгі.

Қазір сөбіден бастап бес жасар баланы экран алдынан көп көреміз, оның зиянына мойын бұрмаймыз. Балалық шақ – нағыз асыр салып ойын ойнайтын кез. Қазіргі балалар керісінше, далаға шықпайды, ауылды ұмытты, кітап оқымайды, лагерьге бармайды, ойын ойнамайды, телефон шұқылайды, бала да тыныш, үйдің іші де тыныш. Сондай-ақ көшеде, емхана, шаштараз, кафе, көпшілік орындарда жылаған баланың көңілін аулап, назарын аударып, ауызын жабу үшін алдына телефон ұсыну дәстүрі пайда болды. Құйтқандай балаға әлі келмей ме, жұбатпауға еріне ме, әйтеуір, мұны уату тәсілі ретінде пайдаланады. Сіздерге өтірік, маған шын, немере бағып отырған жас әжемен бейнеқоңырау арқылы сөйлескенде, артқы жағынан баланың тасыр-тұсыр жүргені, күліп-ойнағаны, заттарды төгіп-шашқаны, үйдің астан-кестенің шығарғаны, «далаға шығам» дегені, оған әжесінің күйіп-піскені байқалатын. Кейін дыбыстар бірте-бірте азайып, естілмей қалды. Соңында «Немереме бір рет телефон көрсетіп едім, содан шығара алмай әлек болып жүрмін» деді. Көңілге тимесін, кеше ғана дүние есігін ашқан балаға телефон ұсыну – ақымақтық.

Елімізде психикалық дамуы, сөйлеуі кешеуілдеген балалар саны өріш тұр, неге, себебін анықтадық па? Өйткені, баламен қарым-қатынас азаяды, «тыныш болсын» деп экранды алдына тоса салады. Әрине, бұдан басқа биологиялық, медициналық себептер баршылық, алайда, түпкі себебіне осы екеуі негіз. Мәселен, тоғыз ай анасының жүргенін тыңдаған бала бөгде тілдегі экранды көреді. Мұны қабылдау мүмкін, бірақ тілін түсінбейді, сөйлесе алмайды, диалог құра алмайды, тек пассивті тыңдаушы болады. Баланың тілі қозғалыса түспейді, сөйлеу қатынасы шектеулі. Ол робот емес, керек кезде бағыр-масын басып сөйлететін, керек емес кезде өшіретін. Сол үшін бүгінгі жас ата-анаға айтарым, баланың дамуын құрсақтан бастаңыздар, бала бәрін іште жатып сезеді, естиді, ұғады, түсінеді. Ал жарық дүниеге келгенде алдарынан телефон, планшет, теледидар шығады. Бұл техникалар болмаған дәуірде:

Әлди, әлди ақ бөлем,
Ақ бесікке жат бөпем,
Ай арбамен жетіпті,
Күн ұйқыға кетіпті.
Жұлдыз кіріп кетер деп,
Қақпаларын бекітті.
Лә илләһә илләлла,
Илләлла пайда бар.
Мұхаммедтің үмбеті,
Осындай бала кімде бар? – деп, аналарымыз бесік жырымен белеске шығарды емес пе?

Үйдің баланың интернетті қолдану ретін білмесе, демек отбасыда тәртіп жоқ деген сөз. Сол үшін ғаламтор уақытына шектеу қою керек, сабағына қажет материалды іздеп табуға 40 минут, 1 сағат жеткілікті. Ал жасөспірім мен жеткіншекке 1,5 сағат әрі жауапкершілікке үйренгені жөн. Сондай-ақ жеке деректерді жарияламау, белгісіз сілтемеге өтпеу, бөгде адаммен сөйлеспеу, кибербуллинг, жалған ақпарат туралы білуі тиіс.

Кибербуллинг – интернет арқылы біреуді мазақтау, қорлау, қорқыту, мұны баланың өзі жасамауы әрі соған ұрынбауы керек. Себебі, жаракаты дерттен де ауыр, өз-өзіне қол жұмсауы ықтимал. Мұның бәрі – баланың

оқыса, бала білімде жарыскер, ғылымда жеңіскер болар еді. Телефон уақытын шектеу отбасының дәстүріне айналса, бала оны тыным емес, тәртіп дер еді. Ақылды, ойлы әңгімемен, әсерлі хикаямен, тамаша оқиғамен, керемет мысалдармен жеткізсе, балаға бұл сінімдірек әрі өтімдірек болады. Бос уақытты баламен бірге жоспарласа, қызықты, пайдалы, алуан түрлі есе, спорт, қолөнер, театр, тағы басқалармен толтырса, телефонға уақыт қалмайды. Ата-ана күніге таң мен кеште алақан жайып, Құдайына қайырылып, дұғасын жасап, барына шүкірлік етсе, үй іші бұған да дағдыланады. Баланың рухына қорек беретін ата-ананың жанды, мәнді істері – баланың өміріне ұлы тәжірибе. Сондықтан баламыздың өмірі экранның алдында өтпесін ағайын, бұл уақыт қайтып оралмайтын жел тәрізді.

Балалар контентін көбейту керек пе әлде телефоннан толық ажыратқан дұрыс па? Қазір бала түгілі, үлкендер телефоннан ажырамайды. Өйткені, сан алуан ақпараттардың көзі, оқу, білім, ғылым, таным, жер-жаһанмен байланысу осы телефонға болып тұр. Сананы жаулап, тартымды дүниеге айналғаны сонша, таңнан тықылдап оятады, түннің бір уағына дейін көз майын тауысады. Өзі сағат, күнтізбе, фотоаппарат, банк, кітапхана, жұмыс, әйтеуір бөсапсан. Ақпаратты заматында зу еткізеді, ағайынмен демде байланыстырады, қарым-қатынасты жеңілдетеді, түрлі деңгейдегі қызметтері тағы бар. Бірақ, уақытты жұталады, көзді құрттады, ойлаудан қалдырады, меніреу етеді, осы жағын да ескерген жөн. Олай болса, телефоннан қалай алыстаймыз, не істеу керек? Телефонға байланатын өзіміз, онмын қарым-қатынасты реттейтін де өзіміз, яғни телефонды бір жаққа ысыру, оған уақыт арнамау, түрлі әлеуметтік желіге кірмеу, ояна сала телефонға жүгірмеу, отбасымен таңғы ас ішу, сабаққа, жұмысқа дайындалу, кешкі аста күннің қалай өткені жайлы әңгімелесу, хал-жағдай білісу, ертеңді жоспарлау, телефонды өшіріп жату – тәртіп. Сондай-ақ шынайы қарым-қатынасқа көшу отбасыға өзгеріс әкеледі, яғни бос уақытта ағайын-туыспен араласу, үйлеріне бару, кемтігіне жәрдемдесу, шаруаларына көмек беру, ұйымшылдық таныту – балаға өнеге. Кем дегенде, аптаның екі күнін телефонсыз өткізу – миңды тынықтыру, «телефонсыз мүмкін емес» деген ойды санадан өшіру, тәуелді болмауға қадам жасау. Әрине, «Баланы заманына қарай өсіру» деген тағлымды да ұмытпағанымыз жөн. Сол үшін балаға интернетті дұрыс пайдалануды үйрету әлдеқайда абзал. Мұндайда сапалы рухани контенттен көбіктен дұрыс. Әсіресе, қазақ тілді мультфильм, ертегі, мәнді бағдарлама, танымдық ойындардың көбірек болғанын күтпейміз. Бәрінен бұрын, балаға шынайы өмірді маңызды етіп көрсету. Мысалы, спортқа бұру, суға жүзу, қазақша күрес, қашықтыққа жүгіру, садақ, жамбы ату, бөйге шабу, көкпартарту, аударыспақ, тоғызқұмалақ, асық ату. Сондай-ақ табиғатқа шығу, таза ауада серуендеу, сурет салу, әуен тыңдау, өлең оқу, ән айту, домбыра шерту, өнерге тарту. Осы жерде ескеретін мәселе – баланы еңбекке баулу. Бұл баланың келешегіне аса қажет, осыған мән беру керек. Демек, ана тілде сөйлейтін, саят-дәстүрді дамытатын, әдеп-ұрыпты жалғайтын, білімді, білікті, дарынды, талантты, жан-жақты ұрпақ өсіру үшін интернеттің аса бір қажетті шамалы. Сондықтан қадірменді әке мен құрметті аналар, тал шыбықты егетін өзіміз, оны түзу өсіретін де өзіміз. Ұрпағымыз ұлы дүниелердің басында болсын, ағайын.

Нұрлан БАЙЖІПТҰЛЫ,
Ырысқелді қажы
мешітінің бас имамы,
Астана

«QAZAQGAZ АЙМАQ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің 2026 жылдың 30 маусымындағы №43-02-08/620 хаты негізінде «QazaqGaz Aймаq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2026 жылдың 01 шілдесінен бастап 1000 м³ үшін төмендегін құрайды:

ҚҚС есебінен

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Дегені
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алмай			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	25 898,17
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	29 491,82
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	34 378,72
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	31 622,25
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	36 726,70
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	34 378,72
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	40 898,44
IX топ	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	7 819,83
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	60 506,44
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	60 506,44
Тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауға арналған тарифті есепке алумен			
I топ	Тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	31 708,55
II топ	Жылу энергетикасы компаниялары халық үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	35 302,20
III топ	Жылу энергетикасы компаниялары заңды тұлғалар үшін жылу энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	40 189,10
IV топ	Жылу энергетикасы компаниялары электр энергиясын өндіруге арналған тауарлық газды тұтыну көлемінде	тенге/1000 м³	37 432,63
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	42 537,08
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	40 189,10
VIII топ	Тауарлық газды одан әрі тұтынушыларға өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	46 708,82
IX топ	Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық)	тенге/1000 м³	14 153,15
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	66 316,82
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	66 316,82

«QazaqGaz Aймаq» АҚ ҚӨФ Әкімшілігі

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Уткелбаев Максат Мадиевичтің атына ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінен берілген №АА023788 қызметтік куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарнама. Жарнама. Жарнама.

«Сыр бойы»,
«Қызылорда өңірі»,
«Ақмешіт апталығы»,
«Ақмешіт жастары»
және ауданның барлық
басылымдарына
хабарландыру
орналастырыңыз келсе:
70-00-62 телефоны
арқылы байланысуға
болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.